



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 41/633

11 октября 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ЕЛОРДАДА ЮНВТО-НЫҢ VIII ЖАҒАНДЫҚ САММИТІ ӨТЕДІ



Бүгін Тәуелсіздік сарайында ЮНВТО-ның «Ақылды қалалар – Ақылды дестинациялар» VIII жаһандық саммитінің ресми ашылу салтанаты өтеді. 1400 делегат қатысуда, оның ішінде 80 мемлекеттен 400 шетелдік делегат және 15 әлемнің ірі қалаларының басшысы қатысуда. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Саммиттің ашылуына Қазақстан Үкіметі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің басшысы, UNWTO-ның бас хатшысы Зураб

Пололикашвили қатысады. Жаһандық саммиттің өтуі Қазақстан астанасының дамуы жаңа серпін беріп, туристік орталық ретінде танылуына мүмкіндік береді. Шараға 1400 делегат қатысуда, оның ішінде 80 мемлекеттен 400 шетелдік делегат және 15 әлемнің ірі қалаларының басшысы қатысуда.

12 қазанға дейін созылатын Саммит жұмысына шетелдік танымал кәсіпкерлер, сәулетшілер, журналистер мен туристік ұйымдардың өкілдері қатысуда.

Күн тәртібінде «Ақылды қалалар және туризм» тақырыбында кездесу өтіп, декларация қабылданады, сондай-ақ ақылды бағыттар туралы панельдік пікірталастар өтеді. UNWTO – 1975 жылдан бастап қызмет ететін БҰҰ жүйесіндегі беделді туристік ұйым саналады.

дерек-көз: www.egemen.kz

ЧТО НОВОГО БУДЕТ В ГОСПРОГРАММЕ "НУРЛЫ ЖЕР" ДО 2025 ГОДА

В Казахстане до конца 2019 года утвердят новую государственную программу "Нурлы жер" до 2025 года. Об этом в ходе правительственного часа в Мажилесе сообщил министр индустрии и инфраструктурного развития РК Бейбут Атамкулов, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"Программа будет включать в себя пять основных задач: реализация единой жилищной политики; рациональное обеспечение населения качественной питьевой водой и услугами водоотведения; модернизация и развитие коммунального сектора; капитальный ремонт и реновация жилищного фонда; развитие строительной отрасли", – сказал Атамкулов.

По его словам, для этого выстраивается "лестница доступности жилья".

"Каждой семье, нуждающейся в жилье, будет предложен механизм улучшения своих жилищных условий. Как поручил Глава государства, предусматриваются четкие критерии для участия в программах", а определяющим фактором станут

доходы населения. Так, очередникам, не имеющим доходов либо имеющим доход на одного члена семьи, а это 21,5 тысячи тенге, будет предоставляться арендное жилье без



выкупа. Здесь будет идти отбор среди социально-уязвимых категорий", – сообщил Атамкулов.

В заключение министр отметил, что строительство арендного жилья, предоставляемого населению без права выкупа, в Казахстане будет продолжено.

Источник: www.kazpravda.kz

2019 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫ БОЙЫНША ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 12 қадамын іске асыру мақсатында мемлекеттік қызметшілермен қызметтік әдеп нормаларын және мемлекеттік қызмет туралы заңнама бұзушылықтардың алдын-алу, сондай-ақ өз қызметінің шегінде мемлекеттік қызметшілерге және азаматтарға кеңес беру үшін Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметке кірісті.

кеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

2019 жылдың 9 айының қорытындысы



Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызметшіге

бойынша Әдеп жөніндегі уәкілмен 6 мемлекеттік қызметшіге Әдеп нормаларын және

мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды сақтау бойынша және 9 азаматқа әр түрлі сұрақтар бойынша консультативті кеңестер берілді. Әдеп нормаларын бұзғаны үшін 1 мемлекеттік қызметшіге қатысты материалдар құзыретті органға жолданып, арыз берушінің арызын қайтып алуына байланысты қараусыз қалдырылды.

Әдеп жөніндегі уәкілдің ұсынысымен мемлекеттік органдардың оң имиджін қалыптастыруға ат салысқандары үшін 40 мемлекеттік қызметші біржолғы ақшалай сыйақымен көтермеленді.

Сонымен қатар, Әдеп нормаларын және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды сақтау бойынша қаланың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің арасында барлығы 19 семинар жиналыстары өткізілді.

Приозерск қаласы әкімі аппаратының



Әдеп жөніндегі уәкілі ретінде мемлекеттік қызметшілер мен барлық азаматтарды күн сайын сәрсенбіден басқа күндері қабылдаймын.

Қабылдауға 5-40-50 және 5-45-74 телефон нөмірлері арқылы жазылуға болады.

А. Исатаев,

Қала әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі

... Өз тіліңді құрметте!

Тілім менің – таусылмайтын байлығым. Ең құдіретті де қастерлі өз ана тілім. Шыр етіп дүниеге келгеннен бері ана тілімнен өсіп келемін. Ана тілі арқылы әліппені таныдым. Содан бері міне, өз ана тілімнен сусындап келемін. Өз тарихымды танып білдім. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Сондықтан туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге

міндеттіміз. Өйткені тіл ата-бабамыздан бізге қалған аманат. Тіл арқылы ақындарымыз бен жазушыларымыздың, даналардың сөздерін, өлең-жырларын оқып білеміз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар. Елінің болашағын ойлаған, құрметпен қараған әрбір азамат ана тілін сақтап қалуы үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның көгінде көк байрағымыз жел біреді, әр Қазақстандық азаматтың жүрегінде Әнұранымыз айтылды, Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы қабылданды. Мұның бәрі Елбасының көреген саясатының арқасында деп білеміз. Ендігі біздің мінде-

ТІЛІМ – МЕНІҢ БАЙЛЫҒЫМ

тіміз тілімізді сақтап, сол тілде сауатты жазып, ойымызды қазақ тілінде таза жеткізу, ардақтап құрметтеу.

Б.Момышұлы «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» - деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстау керек деп білеміз. Тіл байлығы әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарап, орынсыз шұбарлануына қарсы тұруымыз керек. Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты,

бүгінгі күннің абыройы, ертенгі күннің кепілі.

«Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық. Тіл – ұлттың негізгі белгісі, тіл ұмытылса салт-дәстүріміз де ұмытылады, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметтеу керек, өз тілін білмеген адам ата-баба тарихын есқашан түсіне алмайды.

К.КАДИРОВА,

ҚР АШМ АӨК МИК

Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

МЕРЕКЕДЕ ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Приозерск қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығының мәжіліс залында өткен жұма күні «Ұстаздар күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті.



Мерекелік шараға қаламыздағы екі мектеп пен балабақшалардың тәрбиешілері мен оқытушылары, мекемелер қызметкерлері және қала тұрғындары қатысты. Жүргізушілер – Айдана мен Ақботаның ұстаздар туралы айтып өткен жалынды һәм мадақ сөздері жиын қатысушыларын бір серпілтіп тастады. Иә, ҰСТАЗ есімі ұлағатқа толы. Әр адамның жүрегіне ерекше жылудық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – АНА, екіншісі – ҰСТАЗ! Ұстаздар шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие егу, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде еңбектері ересен зор. Осы күнгі ұстаздар мерекесіне арналған жиында оларға көрсетілген құрмет пен мол марапат олардың барлық сыйлыққа лайық екендігін көрсетеді және ұстаздар жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин ұстаздар қауымы мен жиналғандарды осынау атаулы мерекемен құттықтады. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасын Кузнецова Ольга Александровна және Гүлмира Мешітбайқызы Қыдырбаеваға, Алғыс хатын Динара Толпыханқызы Байғужинаға қала әкімі Қ.А.Камзин табыстады. «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісі № 1 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, ақын Маржан Қожабекқызы Хизироваға табыс етілді. Феруза Алибек-

қызы Артықмұратова мен Әсемгүл Қайратқызы Көпенова Қарағанды облысы Білім басқармасының Құрмет грамотасына, Жаңыл Тапырқызы Мырзабекова Алғыс хатқа ие болды. Қала әкімінің Құрмет грамотасымен Нұркен Жұмадинұлы Ұлмаханов және Кузнецова Виктория Михайловна, Алғыс хатымен Бейбіт Кенжебайұлы Үмбетқұлов пен Пернегүл Қалдыбайқызы Ержанова марапатталды.

Кезекті құттықтау сөзіне шыққан «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев төмендегі аталған ұстаздарға Алғыс хаттарын табыс етті: Гүлнара Әбілқасымқызы Қалманова, Бибісара Әбеуқызы



Сағатова, Айжамал Жынысқызы Мықтыбаева, Жанар Бейсембайқызы Әйтпеннова, Ақмарал Серікқызы Аманқұлова, Әсия Шадыбайқызы Омарова және Мейрамқұл Қауқарбайқызы Қошметовалар осынау құрметке лайық деп танылды.

Приозерск қалалық мәслихатының атынан қалалық мәслихат депутаты Ерік Тәккенұлы Балтышев құттықтау сөзіне шығып, қалалық мәслихаттың Құрмет грамотасымен Әмина Амангелдіқызы Досаева, Айман Дәуітқұлқызы Нұртаева, Анаргүл Базарбайқызы Сейтенова, Жоламан Қырымұлы Куяшаров және Сауле Ескермесқызы Шамкеновалар, Алғыс хатымен Малика Таңатарқызы Нұржауова, Иван Иванович Павленко, Фариза Нұрғалиқызы Қарабекова, Күлшай Тыныштыққызы Омарова және Халида Қабылқызы Исақовалар марапатталды.

Әріптестерін құттықтап, жылы лебізі мен ыстық ықыласын білдірген Приозерск қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасимова қалалық білім бөлімінің Құрмет грамоталарын Шәмбет

Кенжеұлы Медетов, Раушана Қармысқызы Демесінова, Гаухар Төлеуқызы Арынова, Фатима Керімбайқызы Амантаева, Аманкелді Беркімбайұлы Бекетов, Қуанышгүл Әбдікәдірқызы Жақуова, Салтанат Көшекқызы Бердиева, Ұлбосын Мұханқызы Мамелекова, Майра Құсалиқызы Матикұлова және Серік Ильясұлы Танкібаевтерге



табыстады.

Сондай-ақ салтанатты жиында қала әкімінің «Кәсібіне адалдығы үшін» сыйлықтары бес ұстаз бен тәрбиешілерге табыс етілді. Атап айтқанда, «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің үздік педагогы» және «Мейрім шуағы» аталымын қалалық «Ішкі саясат, мәдениет және

«Мерей шуағы» аталымы Гуля Байдосоваға, «Қосымшы білім беру мекемесінің үздік педагогы» аталымы Зәуреш

Ильтнерге, «Үздік пән педагогы» аталымы Жаңыл Мырзабековаға және «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» аталымы Гүлбаршын Мұратоваға табыс етіліп, 100 мың және 150 мың теңгенің сертификаттарына ие болды.

Мерекелік салтанатты жиындағы марапаттау рәсімі арасында мектептер мен балабақшалар қызметкерлері тарапынан дайындалып келген әзіл-сықақ көріністері, ән мен би қойылымдары көрерменге күлкі мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шарбекова «Балақай» балабақшасының тәрбиешісі Жамила Шалтиеваға тапсырды. Және де

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Суреттерде: жиыннан көріністер.
Суреттерді түсірген автор.

АДРЕСНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ НОВОГО ФОРМАТА

Государственная адресная социальная помощь выплата в денежной форме, предоставляемая государством физическим лицам (семьям) с месячным среднедушевым доходом ниже черты бедности, установленной в областях, городах республиканского значения, столице, в виде безусловной или обусловленной денежной помощи.

Право на адресную социальную помощь имеют граждане Республики Казахстан, оралманы, беженцы, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие в Республике Казахстан, со среднедушевым доходом, не превышающим черты бедности.

Адресная социальная помощь не назначается:

1) лицам (семьям) со среднедушевым доходом, превышающим черту бедности, установленную в областях, городах республиканского значения, столице;

2) трудоспособным членам семьи, которые отказались от участия в мерах содействия занятости, за исключением несовершеннолетних детей, в том числе детей, обучающихся по очной форме обучения в организациях среднего, технического и профессионального,

послесреднего, высшего и (или) послевузовского образования, после достижения ими совершеннолетия до времени окончания организацией образования (но не более чем до достижения двадцатитрехлетнего возраста), лиц, осуществляющих уход за ребенком в возрасте до семи лет, ребенком-инвалидом, инвалидом первой или второй группы, престарелым, нуждающимся в постороннем уходе и помощи, а также лиц, имеющих заболевания, при которых может устанавливаться срок временной нетрудоспособности более двух месяцев;

3) лицам (семьям), предоставившим заведомо ложную информацию для назначения адресной социальной помощи.

На основании приказа Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 27 сентября 2019 года № 523 с 1 октября 2019 года черта бедности в Республике Казахстан определена в размере 70 процентов от величины прожиточного минимума, рассчитанного за квартал, предшествующий кварталу обращения за назначением адресной социальной помощи.

Безусловная денежная помощь оказывается:

1) одиноким и (или) одиноко проживаю-

щим малообеспеченным лицам с ограниченными возможностями участия в мерах содействия занятости в связи с:

-достижением пенсионного возраста, установленного пунктом 1 статьи 11 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан»;

-инвалидностью первой или второй группы;

-наличием заболевания, при котором может устанавливаться срок временной нетрудоспособности более двух месяцев;

2) малообеспеченным семьям, в составе которых нет трудоспособных лиц или единственный трудоспособный член осуществляет уход за ребенком в возрасте до семи лет, ребенком-инвалидом, инвалидом первой или второй группы, престарелым, нуждающимся в постороннем уходе и помощи.

Обусловленная денежная помощь оказывается одиноким и (или) одиноко проживающим малообеспеченным трудоспособным лицам, а также малообеспеченным семьям, имеющим в своем составе трудоспособного (трудоспособных) члена (членов), в том числе физических лиц, являющихся плательщиками единого совокупного платежа в соответ-

Консультация специалиста

вии со статьей 774 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый



кодекса), при условии его (их) участия в мерах содействия занятости и (или) при необходимости социальной адаптации, за исключением лиц (семей), указанных в пункте 4 настоящей статьи.

Цель новой системы оказания адресной социальной помощи - это сокращение уровня бедности за счет привлечения в меры содействия занятости.

По всем имеющимся вопросам обращаться в КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск» или по тел: 8(71039)52788.

С. Танатарова,
главный специалист
ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск»



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы негізінде Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының сайлау комиссияларының 9 бос орнына комиссия мүшелері сайланды.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихаты

1.«Қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 09 қаңтардағы XXVII сессиясының № 27/267 «Приозерск қалалық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» VI шақырылған Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының XXXIV сессиясының 2019 жылғы 08 қазандағы №34/337 шешімі.

1)комиссия құрамынан Құльмағанбетова Айткүл Жәнісқызы, Омарова Гүлназ Махамматқызы шығарылды;

2)комиссия құрамына Ахметова Рахима Есенамановна, Убисов Талғат Турмаханович енгізілді.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихаты

2.«Қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 09 қаңтардағы XXVII сессиясының № 27/268 «Приозерск қалалық учаскелік сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» VI шақырылған Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының XXXIV сессиясының 2019 жылғы 08 қазандағы №34/338 шешімі.

№ 257 учаскелік сайлау комиссиясы

1)комиссия құрамынан Жүсіпов Ахан Жармаханұлы, Ермағамбетова Алтынай Серғабұлқызы шығарылды;

2)комиссия құрамына Рақыш Айдуман Қазбекұлы, Жумаханова Асем Мейрамбековна, Гузарова Ульфия Худайбергеновна, Курбанбаева Болар Дехкановна енгізілді.

№ 258 учаскелік сайлау комиссиясы

1)комиссия құрамынан Абжанова Динар Рамазанқызы шығарылды;

2)комиссия құрамына Бакишева Назира Нурлановна енгізілді.

№ 259 учаскелік сайлау комиссиясы

1)комиссия құрамынан Есенжолов Жәкен Оралқанұлы шығарылды;

2)комиссия құрамына Стамкул Нуртай Абдрахимович енгізілді.

№ 260 учаскелік сайлау комиссиясы

1)комиссия құрамынан Убисов Талғат Турмаханович шығарылды;

2) комиссия құрамына Бокишева Жаркынай Рустемовна енгізілді.

ИТОГИ СООБЩЕНИЯ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

В соответствии Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) и Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает об избрании членов комиссии на 9 вакантных мест городской и участковых избирательных комиссий.

Приозерский городской маслихат Карагандинской области

1.Решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата Карагандинской области VI созыва от 08 октября 2019 года №34/337 «О внесении изменений в решение XXVII сессии городского маслихата от 09 января 2019 года № 27/267 «Об избрании нового состава Приозерской городской территориальной избирательной комиссии».

1)выведен из состава комиссии: Құльмағанбетова Айткүл Жәнісовна, Омарова Гүлназ Махамматовна;

2)введен в состав комиссии: Ахметова Рахима Есенамановна, Убисов Талғат Турмаханович.

Приозерский городской маслихат Карагандинской области

2.Решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата Карагандинской области VI созыва от 08 октября 2019 года №34/338 «О внесении изменений в решение XXVII сессии городского маслихата от 09 января 2019 года № 27/268 «Об избрании нового состава Приозерской городской участковой избирательной комиссии».

Участковая избирательная комиссия № 257

1)выведен из состава комиссии: Жүсіпов Ахан Жармаханович, Ермағамбетова Алтынай Серғабұлқызы;

2)введен в состав комиссии Рақыш Айдуман Қазбекович, Жумаханова Асем Мейрамбековна, Гузарова Ульфия Худайбергеновна, Курбанбаева Болар Дехкановна.

Участковая избирательная комиссия № 258

1)выведен из состава комиссии: Абжанова Динар Рамазановна

2) введен в состав комиссии: Бакишева Назира Нурлановна.

Участковая избирательная комиссия № 259

1)выведен из состава комиссии: Есенжолов Жәкен Оралханович

2) введен в состав комиссии: Стамкул Нуртай Абдрахимович.

Участковая избирательная комиссия № 260

1) введен в состав комиссии: Убисов Талғат Турмаханович

2) введен в состав комиссии: Бокишева Жаркынай Рустемовна.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Приозерск қаласы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі жер учаскелеріне, шаруа немесе фермер қожалықтарын және ауылшаруашылық өндірістерін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау мерзімін ұзартқаны туралы хабарлайды.

Приозерск қаласында шаруа немесе фермер қожалығына, ауылшаруашылық өндірісіне уақытша ақылы жер пайдалану (жалдау) құқығын беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және тіркеу осы хабарландыру баспаға жарияланған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, яғни ағымдағы жылдың 14 қазаннан 1 қарашаға дейін қабылданады.

Бұрын көрсетілген «Приозерский вестник» газетінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 37/629 жарияланған конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау мерзімі жарамсыз болып саналады.

Толық ақпаратты «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс телефондары 8 (71039) 53248; 54516:

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима города Приозерск» извещает о продлении срока подачи заявлений для участия в конкурсе по предоставлению права на земельные участки, временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по городу Приозерск принимаются в течение пятнадцати рабочих дней со дня опубликования данного объявления в печати, то есть с 14 октября до 1 ноября текущего года.

Сроки подачи заявлений на конкурс, указанные ранее в газете «Приозерский вестник» №37/629 от 13 сентября 2019 года, считать не действительными.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» Контактные телефоны 8(71039) 53248; 54516:

Сот жүйесін дамыту мақсатында

Елбасымыз өз сөзінде «Қазақстан бүгін - қалыптасқан, әлем таныған және бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде танылып отыр. Біздің табыстарымыздың дәлелі заманға сай және тиімді сот билігі болып табылады» - деген болатын.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Барлығы әлемнің озық 30 елінің қатарына кіруге негіз болмақ. Бұл дегеніміз – азаматтардың әлауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейін жоғарылату.

Ел дамуына сот жүйесі де өз үлесін қосуда. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Ж. Асанов еліміздегі сот жүйесін одан әрі дамыту бойынша 7 басым бағытын ұсынды. Сот жүйесін дамытуға бағытталған жоба 7 бағытты қамтиды:

«Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобалары жүзеге асырылуда. Тұтастай алғанда, аталған жобалардың негізгі ортақ міндеті – қоғамның сотқа деген сенімін арттыру болып табылады.

«Үлгілі сот» пилоттық жобасы шеңберінде республика бойынша соттарында фронт-офистер құрылды. Фронт-офистер сотқа келген азаматтар барлық қажетті мәліметтерді жедел әрі толық алуға, құжаттарды тапсыруға болады және сот процесінің қашан және қайда өтетінін нақты түсінуі үшін барлық жағдай жасалған. Айта кету керек, биылғы жылы мұндай фронт-кеңселер Қарағанды қаласының соттарында, Шахтинск, Абай, Пришахтинск, Балкаш және Осакаровка

сияқты қалаларда да ашылды. Ағымдағы жылдың соңына дейін фронт-кеңселер басқа соттарда да ашылады.

Бүгінгі күні «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы аясында сот ғимараттарында арнайы татуласу орталықтары ашылып, қызмет көрсетіп отыр. Онда арнайы бітістіруші судья азаматтарға дауларды татуласу келісімімен бекітудің артықшылықтарын түсіндіреді.

Сондықтан сот саласын жаңа бір сапалық деңгейге көтеріп жатқан «7 түйін» жобасынан әлі де күтер үмітіміз мол!

Б. Адепбеков,
Приозерск қалалық сотының
төрағасы



Жастар ел - болашағы

Денсаулық – зор байлық

2019 ЖЫЛ - ЖАСТАР ЖЫЛЫ

Жаңа 2019 жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өткен жылғы 5 қазандағы Жолдауында оны – Жастар жылы деп жариялаған болатын Президент жастардың бүгін мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі елімізде басты назардағы мәселе екені белгілі. Осы проблеманы жою үшін елімізде «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту-2020», «Әрбір отбасына «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту», т.б. бағдарламалар қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында жазылғандай егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде Мемлекет басшысының сарабал саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды, соның ішінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының қалыптасуы барысында жастар-

ды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тірбиелеудің тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, іске қосылды. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқы, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек. «Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның түйінін шешуге мүмкіндік туады» - деген тұжырым Қазақстан тарихшыларына үлкен сенім, әрі міндет артады. Елбасының мақаласы отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды Президентіміз айтып кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық өркениетті рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз.

**Тлеуханова Айжан,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және Әлем Тілдерді университетінің
журналистика факультетінің
II курс студенті**

Басты назарда қауіпсіздік

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ – БӘРІМІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігі және әскери қызметшілердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының саны мен олардың салдарының ауырлығын азайту мақсатында Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімі ағымда жылдың қыркүйек айында «Жаяу жүргінші, абайла!» атты айлық ұйымдастырып өткізді. Приозерск гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелерінің жек құрамдарымен Қазақстан Республикасы «Жол қозғалысы туралы» Заңының негізгі талаптары бойынша, яғни жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың жалпы міндеттері туралы, сонымен қатар

Приозерск гарнизонында балалардың жол-көлік оқиғаларында жарақаттануының алдын алу мақсатында жаңа оқу жылы бастамасында «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Аталған шара барысында мектептердің жанында Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімі әскери автомобиль полиция бөлімшесінің лауазымды тұлғалары Приозерск қаласының Ішкі істер бөлімінің инспекторларымен бірлесіп қызмет ұйымдастырды. Сонымен қатар, әскери қызметшілер мен қала тұрғындарына жолдарда кемелетке толмаған жаяу жүргіншілердің санының артуы жөніндегі мәліметі мен көлік құралын басқару кезінде әсіресе мектептер-



белгіленген қозғалыс жылдамдығын асыру, қарсы қозғалыс жолына шығу мен озу ережесін бұзу, алкогольді мас күйде көлік құралын басқару, жаяу адамдармен белгіленбеген жерде жолды кесіп өту, яғни жол-көлік оқиғаларына себеп болып табылатын бұзушылықтарға назар аударылып сұхбаттар өткізілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасы бастығының талаптарына сәйкес 2019 жылғы қыркүйектің 1 мен 3 аралығында

дің маңында айрықша назар аудару қажет екендігі жеткізілді.

**Б.Сайлов,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция
бөлімі әскери автомобиль полиция
бөлімшесінің бөлімше бастығы
(гарнизондық ұсталған машиналар
жынақ пунктінің бастығы)-
жүргізушісі, кіші сержант**

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНА

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Приозерск қаласы мектептерінің медбикелері асхана тағамдарының сапасын және оқушылардың тазалығын уақытымен тексеріп отырады. Оқушылар шаршап,

әлсіреп қалмауы үшін сабақ уақытында әртүрлі жаттығулар жасатады. Алдымызда қыс мезгілі келе жатқандықтан, жұқпалы ауруларды болдырмау үшін уақытылы екіпелер егу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Екіпелер нәтижесін дер кезінде тексеріп, көмек қажет оқушыларды дәрігерлік кеңес алуға жіберіп отырады. Дені сау ұрпақ – ел болашағы.

Приозерск қаласының білім бөлімі

За здоровое будущее

ПРОФИЛАКТИКА ТУБЕРКУЛЕЗА СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ

Туберкулез – это инфекционное заболевание, вызываемое микобактериями туберкулеза, которые часто называют палочками Коха. Заболевание развивается только в ответ на размножение в организме человека этих микро-

В школах проводится вакцинация прививкой БЦЖ, проба Манту. Так же профилактика туберкулеза в школе во многом зависит от здоровья сотрудников. Администрация школы обязана следить за обновлением медицинских книжек сотрудников, результатами их флюорографии.

В обязанности школы входит организация профилактических мероприятий по предотвращению в школе заболеваемости туберкулезом.

Отдел образования города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.
МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПАРИКМАХЕРСКАЯ

«МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107. Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час. Выходной - Понедельник ****

Запись по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Ангалий) 8-747-970-25-81 (Карлыгаш). На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР**

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 41/633. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.